

## Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 шілдеде № 3266 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабы 2-тармағына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына, "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативі осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулының Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ. Тұяқбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*А.Мырзахметов*

*Б.Оспанов*

*Б.Жылқышиев*

*Е. Айтаханов*

*С.Қаныбеков*

*Е.Садыр*

*С.Тұяқбаев*

*А.Абдуллаев*

*Р.Исаева*

**Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативі**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 15.06.2023 № 123 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сатып алынатын шикі сүт үшін, теңге/килограмм	Сары май өндіру үшін	Қатты ірімшік өндіру үшін	Құрғақ сүт өндіру үшін (майы алынбаған /майы алынған)
	43	21	20